



Бекітемін

«Дарын» РҒПО

директоры Ғ. Тұрсынов

«25» 10 2023 ж.

**«Үздік авторлық бағдарлама»
республикалық конкурсының
Ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. «Үздік авторлық бағдарлама» республикалық конкурсын (бұдан әрі - Конкурс) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі - «Дарын» РҒПО) өткізеді.

2. Конкурс білім беру мазмұнын жаңарту мен жетілдіруді насихаттауға арналған.

2. Конкурстың мақсаты мен міндеттері

3. Конкурстың мақсаты - пәндер бойынша таңдау курстарын, арнайы курстар, элективті курстар, оқу пәндерінің авторлық бағдарламаларын құрастыратын үздік мұғалімдердің алдыңғы қатарлы авторлық тәжірибесін анықтау және тарату.

4. Конкурстың негізгі міндеттері:

- зерттеуші педагогтердің шығармашылық әлеуетін анықтау және қолдау;
- жеке әзірлемелерін практикада қолдануға мүмкіндік туғызу;
- алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибені тарату;
- шығармашылық қызметтің нәтижелерімен, педагогикалық идеяларымен және жобаларымен бөлісу.

3. Конкурсқа қатысушылар

5. Конкурсқа педагогикалық өтілі 5 жылдан кем емес барлық білім беру ұйымдарының, республикалық мектептер, халықаралық мектептер, «НЗМ» ДББҰ педагог қызметкерлері, психологтар, бала-бақша тәрбиешілері, оқу-әдістемелік орталықтарының, қосымша білім беру орталықтарының әдіскерлері қатыса алады. Командалық жобалар қарастырылмайды. 3 жыл бұрын ұсынылған жобалар конкурсқа қатыстырылмайды. Конкурсқа бұрын қорғалған авторлық жұмыстар жіберілмейді.

6. Сайыскерлердің республикалық конкурсқа қатысуын:

- мектептің педагогикалық ұжымы (мамандандырылған білім беру ұйымдары үшін);
- облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары;
- «Дарын» аймақтық ғылыми-практикалық орталықтары;
- облыстық оқу-әдістемелік орталықтары;
- «НЗМ» ДББҰ басқармасы ұсына алады.

4. Конкурстың мазмұны мен өткізу нысандары

7. Конкурсқа ұсынылатын авторлық бағдарламалар: элективті курстар, қолданбалы курстар, таңдау бойынша курстар, арнайы курстар.

Авторлық бағдарламаның элементтері:

- бастапқы бет;
- рецензия (кемінде 3 рецензия (біреуі ғылыми қызметкердің, практик мұғалімдердің);
- түсіндірме жазба;
- оқу-тақырыптық жоспар;
- авторлық бағдарламаның мазмұны;
- авторлық бағдарлама;
- әдістемелік сүйемелдеу.

Бастапқы бетте:

- заңды құжатына сай білім беру ұйымының атауы;
- тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес);
- бағдарлама авторының қызметі;
- авторлық бағдарламаның атауы;
- авторлық бағдарламаның әзірленген жылы.

Бағдарламаның түсіндірме жазбасы:

- бағыты;
- өзектілігі, жаңалығы, педагогикалық мақсаттылығы;
- мақсаты мен міндеттері;
- ерекшелігі;
- күтілетін нәтижелер және оларды тексеру әдістері.

8. Авторлық бағдарламаның мазмұны:

Авторлық бағдарламаның мазмұны: оқу-тақырыптық жоспар, бөлімдердің, тақырыптардың тізілімі, теориялық және тәжірибелік сабақтарға бөлінетін әрбір тақырыпқа арналған сағаттар саны.

Авторлық бағдарламаның мазмұны тақырыпты қысқаша баяндау арқылы ашылады (теория және практика).

Авторлық бағдарламаның әдістемелік қамтамасыз етілуі:

- сипаттамасы;
- тақырып бойынша жоспарланған сабақтың түрі (ойын, саяхат, конкурс, конференция т.б.);
- оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдері, дидактикалық материалдар, сабақтың техникалық жабдықталуы;
- әр тақырып немесе бөлімнен кейін қорытындысын шығару түрлері.

9. Материалдар қағаз және электрондық нұсқада ұсынылуы керек.

Жоба жазуға қойылатын талап:

- форматы — А4, текст редакторы - MS Word; шрифтiсi- Times New Roman, шрифттің өлшемі -14, шет сызығы - 2 см., барлық жағынан, жол аралық интервал - 1-1,5, бағыты кітапша, тасымалсыз.

10. Конкурсты өткізудің кезеңдері мен мерзімдері:

I кезең - аудандық, барлық білім беру ұйымдарында (мамыр айы);

II кезең - облыстық (маусым-шілде айлары);

III кезең - республикалық (қазан, желтоқсан айлары).

11. Республикалық конкурсқа ұсынылған жобаларға сараптама жасау жыл сайын қазан-қараша айларында өтеді.

12. Конкурстың қорытынды III кезеңі жыл сайын қараша-желтоқсан айларында өтеді.

13. Конкурстардың құрылтайшылары әкімдіктер, білім беруді басқару органдары, демеушілер бола алады.

14. Конкурстың I және II кезеңдері жергілікті жерде белгіленген тәртіпке сәйкес өткізіледі.

15. Конкурсқа облыстық кезеңнің жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің әр түрлі пәндер бойынша жобалары жіберіледі (ұсынылған квотаға сәйкес).

16. Конкурсқа қатысушылардың іс-сапар шығындарын тиісті білім беруді басқару органдарына, білім беру ұйымдарына, демеушілерге жүктеледі.

5. Ұйымдастыру комитеті

17. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады, оның міндетіне барлық аймақтық ұйымдастыру комитеттерінің қызметтерін үйлестіру, конкурсқа ұсынылған материалдарды бағалау өлшемдерін әзірлеу кіреді.

18. Ұйымдастыру комитеті конкурсты өткізу тәртібін, нысандарын, орны мен өту мерзімін анықтайды, қатысушылар тізімін және қазылар алқасының құрамын бекітеді.

19. Ұйымдастыру комитетінің құрамына Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» РҒПО өкілдері кіреді.

20. Ұйымдастыру комитетінің шешімі тізімдік құрамының жартысынан көбі дауыс берген жағдайда қабылданған болып есептеледі.

21. Ұйымдастыру комитетінің шешімі төраға мен хатшының қолы қойылған хаттамамен рәсімделеді.

6. Конкурстың қазылар алқасы

22. Әрбір кезеңде қазылар алқасы құрылады. Қазылар алқасының құрамын және оның жұмыс істеу тәртібін жергілікті ұйымдастырушылар бекітеді.

23. Еліміздің алдыңғы қатарлы педагогикалық ЖОО, әдістемелік орталықтардың қызметкерлері (өнер, мәдениет және ғылым қайраткерлері) Конкурстың қазылар алқасының мүшелері бола алады.

24. Қазылар алқасы Конкурса ұсынылған жұмыстарға авторлық жобалардың өлшемдеріне (критерий) байланысты сараптама (экспертиза) жасайды: педагогикалық мақсаттылығы, мақсаты мен міндеті, өзектілігі, жаңалығы, авторлық бағдарламаның ерекшелігі, күтілетін нәтижелері мен оларды тексеру нәтижесін бағалайды.

7. Ұйымдастыру комитетіне құжаттар ұсыну тәртібі

25. Конкурса қатысу үшін құжаттар жыл сайын ұйымдастыру комитетінің белгіленген мерзіміне дейін қабылданады. Көрсетілген мерзімнен кеш қалған құжаттар тіркеуге алынбайды.

26. Конкурса қатысу үшін:

1) тіркеу формасына сәйкес қатысушы туралы мәліметті көрсете отырып, облыстық, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармасымен, «НЗМ» ААҚ басқармасымен бекітілген сұраныс ұсынылады.

2) Конкурс материалдары (қағаз және электрондық нұсқада).

26. Құжаттар қазақ немесе орыс тілдерінде «Дарын» РҒПО-на ұсынылады. Материалдар қайтарылмайды.

8. Конкурстың жеңімпаздарын марапаттау

27. Қазылар алқасы, әр бағыт бойынша жеке үздік жобаларды анықтайды:

I орын - 1 авторлық жоба;

II орын - 2 авторлық жоба;

III орын - 3 авторлық жоба.

28. Жүлделі орын алған жеңімпаздар (білім беру және ғылыми ұйымдарда 5 жылдан кем емес еңбек өтілі бар) ҚР Оқу-ағарту министрлігінің I, II, III дәрежелі дипломдарымен, «Дарын» РҒПО-ның Құрмет грамоталарымен марапатталып, жұмыстары практикаға енгізуге ұсынылады.

29. Конкурса қатысушыларға «Дарын» РҒПО-ның сертификаттары табысталады

30. Конкурс құрылтайшылары, демеушілер мен басқа да ұйымдар конкурс жеңімпаздары мен лауреаттарына жеке өзіндік сыйлықтар табыс ете алады.